

Қысқа мерзімді жоспары				
Бөлім	«Компьютер құнын есептеу» жобасын орындау			
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Давидов И.У			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	«Компьютер құнын есептеу» жобасын орындау			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>9.1.1.1 - компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдау</p> <p>9.1.2.1- қолданушының қажеттілігіне байланысты программалық қамтамасыз етуді таңдау</p> <p>9.3.1.1 - электронды кестеде процестердің моделін (физикалық, биологиялық, экономикалық және тағы басқа) өңдеу және зерттеу</p>			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:			
	Компьютерлерді таңдауға қажет негізгі техникалық сипаттамаларын анықтау			
	Көптеген оқушылар:			
	Компьютер құрылғыларының бағасын онлайн түрінде есептеу.			
	Кейбір оқушылар:			
Компьютерді сатып алудағы ерекшеліктерін білудің маңызы туралы тұжырымдау.				

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>1.Оқушылармен амандасу.</p> <p>Ой сергіту жаттығуы. «Сиқырлы жұмыртқа» ойыны.</p> <p>Әр оқушы жұмыртқа бейнесінде берілген формаларға жаңа зат пайда болатындай етіп, аяқтап сурет салады.</p> <p>Үй тапсырмасын пысықтау</p> <p>«Сұхбат алу»</p> <p>Ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.</p> <p>Оқу мақсатымен таныстыру.</p> <p>Ауызша мадақтау, ынталандыру.</p>	<p>1.Мұғаліммен амандасады.</p> <p>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.</p> <p>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады.</p>	<p>Стикер</p> <p>Электрондық журналға бағаланады</p>	А4 парағы
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа тақырыпты түсіндіру.</p> <p>Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау</p> <p><input type="checkbox"/> Компьютер сатып алатын әрбір адам қандай мәселелерге назар аударуы керек?</p> <p><input type="checkbox"/> Компьютерді қай жерден және қалай сатып алу керек деп ойлайсың?</p> <p><input type="checkbox"/> Қажеттілік пен мүмкіндікке қарай компьютер және программа конфигурацияларын қалай тиімді таңдауға болады?</p> <p><input type="checkbox"/> Бұл үшін нені білу керек?</p>	Мұғалімді тыңдайды	Электрондық журналға бағаланады	Слайд

Оқулықпен жұмыс
 -жеке оқып, топта талқылайды
 Мұғалімнің түсіндірмесі
 -Әдістемелікті жаңа ақпаратпен, тізімдердің қызметі мен түрлері қызметін интербелсенді тақтада түсіндіреді.
 Кестемен жұмыс. Оқушылар бір-бірінен кеңес сұрайды.

Компьютер сатып алу үшін кестедегі мәліметтерді толықтыру керек.

Процессордың түрі және тактілік жиілігі	
Жедел жад көлемі	
Бейнекарта	
Аналық тақша	
Қатқыл дискінің көлемі және жылдамдығы	
Операциялық жүйе	
Оптикалық привод	
Монитор	

Дескриптор
 Компьютердің техникалық сипаттамасын анықтайды.
 Топтық жұмыс
 Компьютерді қолданылуына қарай жіктеңдер (үй, ойын және т.б). Әр компьютердің қолданылуына қарай олардың ішкі құрылғыларына қажетті сипаттамаларды жеке қағазға түсіріңдер. Мысалы, ойын компьютерінде қандай сипаттамалар болуы керек?

Дескриптор
 Компьютерді қолданылуына қарай сипаттайды.
 Компьютермен жұмыс:
 Интернет қызметін және компьютер жайлы әдебиеттерді пайдаланып Excel кестелік процессорында «Компьютер бағасын есептеушіні» модельдеңдер. Мысалы (1-сурет).
 Компьютер құрылғыларының атауы, саны мен есептеуге арналған формулаларды құрыңдар.
 Қазақстанға компьютер бөлшектері шет елдерден әкелінетіндіктен АҚШ долларының Ұлттық валюта бағамының өзгеруіне байланысты компьютерлер арзандап немесе қымбаттауы мүмкін. (2-сурет)

Дескриптор
 Компьютердің бағасын есептеуді компьютерде орындайды.
 Оқушылардың жұмыстарын «Сағат» әдісі бойынша

Кестемен танысады

	бағалау. Сағат шкаласына оқушылардың аттары стикерге жазылып жапсырылады.			
Сабақтың соңы	<p>1. Компьютердің бағасы неге тәуелді деп ойлайсың?</p> <p>2. Компьютердің бағасын онлайн есептудің қандай тиімді жақтары бар?</p> <p>3. Ойын компьютерлерін сатып алуда қандай құрылғыларының сипаттамасы жоғары болуы керек?</p> <p>4. Дизайнер компьютерін таңдау үшін қай құрылғылардың сипаттамалары жоғары болуы керек?</p> <p>5. Ақпараттың өзектілігіне қандай мысалдар келтіруге болады?</p> <p>«Тазалық» әдісі. Оқушылар сабақта жақсы түсінген мәліметтерді чемоданға, ойланатын мәліметтерді еттартқышқа, қажетсіз ақпараттарды қоқыс шелегіне салады.</p>			<p>Оқулық</p> <p>Плакат, маркер</p>